Республика Казахста,
Актюбинская область,
г.Актобе, ул. Тауелсиздик 16

PROF CONTACT

БИН:101240008283
ИИК: KZ54601A121002468391
БИК: HSBKKZKX
Кбе 18

**«Мұғалжар аудандық жұмыспен қамту
және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ
030700, Қазақстан Республикасы,
Қандыағаш қ.,
«ЖАСТЫҚ» шағын ауданы, 2Д үй
Шағым беруші:
«PROF CONTACT» ҚБ
БСН: 101240008283
Электрондық пошта:
oo.profcontact@gmail.com
Тел.: 8 705 383 02 17**

ШАҒЫМ

«Шалқар саясы» мүгедектерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі шағымын қараусыз қайтару туралы

16169686-1 «Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау (инватакси) қызметі» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы бойынша сатып алу рәсімі шеңберінде берілген шағым Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу қағидаларының талаптарына сәйкес келмейді деп есептейміз.

1. Құқықтық негіз

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу қағидаларының 596-тармағына сәйкес, шағымда міндетті түрде мына мәліметтер көрсетілуге тиіс:

- шешімдеріне шағым жасалатын тапсырыс берушінің, комиссияның атауы, орналасқан жері, әрекеттері (әрекетсіздігі);
- шағым берген тұлғаның атауы, орналасқан жері;
- мемлекеттік сатып алу туралы нақты мәліметтер;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзудың нақты фактілері, қажет болған жағдайда растайтын құжаттарымен;
- шағымданған әрекеттер (әрекетсіздік) немесе шешімдер.

Ал 598-тармақтың 1) тармақшасына сәйкес, егер шағым 596-тармақта белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, ол келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қараусыз қайтарылады.

2. **«Шалқар саясы» мүгедектерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі** шағымындағы талапқа сай еместіктер:

Ұсынылған шағымды зерделеу барысында мыналар анықталды:

- шағымда **шағым беруші тұлғаның орналасқан жері (мекенжайы)** көрсетілмеген;
- сондай-ақ шағым жасалып отырған **тапсырыс берушінің және/немесе комиссияның орналасқан жері** көрсетілмеген;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының **қай нақты нормалары бұзылғаны** айқындалмаған;
- көрсетілген уәждер **нақты фактілермен және дәлелдемелік құжаттармен расталмаған**;
- шағым нақты қай **шешімге немесе әрекетке (әрекетсіздікке)** бағытталғаны нақтыланбаған.

Аталған мән-жайлар **Мемлекеттік сатып алу қағидаларының 596-тармағының 1), 2), 4) және 5) тармақшаларында көзделген міндетті талаптардың сақталмағанын** көрсетеді.

Жоғарыда баяндалғандарды негізге ала отырып, **«Шалқар саясы» мүгедектерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі** шағымы:
Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу қағидаларының 596-тармағының талаптарына сәйкес келмейді. Ал аталған қағиданың 598 трамағында шағым осы Қағидалардың 596-тармағында белгіленген талаптарға сәйкес келмесе Шағым келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде оны берген адамға қараусыз қайтарылатындыға айқын белгіленген.

Осыған байланысты, **«Шалқар саясы» мүгедектерді қолдау орталығы» қоғамдық бірлестігі** шағымын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу қағидаларының 598-тармағы 1) тармақшасына сәйкес **ҚАРАУСЫЗ ҚАЙТАРУДЫ** сұраймын.

Құрметпен,
«PROF CONTACT» ҚБ төрағасы **Мурзагереева Г.С.**

Қазақстан Республикасы Ақтөбе қаласы Қоғамдық бірлестігі БСН 1012400823 PROF CONTACT Общественное объединение город Актобе Республика Казахстан